

**КММ “№19 санаторлық бөбекжай бақшасы”
Меңгеруші жанындағы жиналыс хаттамасы №1**

Мерзімі: Қыркүйек

Қатысқандар: Тәрбиешілер, әдіскер, меңгеруші, мамандар

Қатыспағандар: 2

Күн тәртібінде:

1. Білім беру жүйесінің міндеттерімен таныстыру
2. Балабақша топтарындағы ойын, табиғат және еңбек бұрыштарының безендірілуі
3. «Күз – мереке, күз – береке» тақырыбындағы ертеңгіліктердің сценарийлері мен өткізу кестесін бекіту

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша:

Бөбекжай басшысы Шокпарова Кулсым Тюлюмбаевна қызметкерлерді балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі міндеттерімен таныстырды. 2025–2026 оқу жылына арналған басым бағыттар атап өтілді.

Атап айтқанда:

Тәрбиеленушілердің ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру;

Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар қауымдастығының өзара ықпалдастығын нығайту;

«Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебі» сияқты әлеуметтік жобаларды дамыту;

Балалар үшін қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастыру;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру деңгейіне мониторинг жүргізу;

Экологиялық білім беру мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыру.

Сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың басты мақсаты – жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру екендігі атап өтілді.

Балалардың мінез-құлқын, тәртіп нормаларын, ұлттық салт-дәстүр негізінде тәрбиелеу қажеттілігіне ерекше назар аударылды.

Екінші мәселе бойынша:

Әдіскер Саттыкова Айшат Акылбековна топтардағы ойын, табиғат және еңбек бұрыштарының ұйымдастырылуы мен безендірілуіне тоқталды.

Тексеру барысында:

Табиғат бұрыштарында ауа райын күнделікті белгілейтін кестелердің бар екендігі;

Өсімдіктерді күтіп-баптауға арналған құралдардың (қопсытқыш таяқшалар және т.б.) қолданылып жүргені;

Ойын бұрыштарының қажетті ойыншықтармен жеткілікті деңгейде жабдықталғаны анықталды.

Сонымен қатар, дамытушы орта құру талаптарына сәйкес:

Үлгілік оқу бағдарламаларын (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) жүзеге асыру;

Барлық материалдар мен құралдардың балалардың жас ерекшеліктеріне сай болуы;

Топ бөлмелері мен кабинеттердің тәрбиеленушілерге, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолжетімді болуы;

Балалардың демалуына, жеке ойнауына және эмоционалдық жай-күйін дамытуға арналған арнайы орындардың ұйымдастырылуы қамтамасыз етілуі қажеттігі айтылды.

Үшінші мәселе бойынша:

Балабақша басшысы .Шокпарова Кулсым Тюлюмбаевна «Күз – мереке, күз – береке» тақырыбындағы ертеңгіліктердің сценарийлері мен өткізу кестесін талқылап, бекітті.

Ертеңгіліктерді жоғары деңгейде өткізу мақсатында:

Әр топтың дайындайтын көрмелері мен шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру мәселесі қарастырылды;

Көрменің сапалы әрі мазмұнды өтуін қамтамасыз ету тәрбиешілерге жүктелді.

Мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруда балалардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау қажеттігі атап өтілді.

Шешімі:

1.2025–2026 оқу жылына қойылған міндеттердің орындалуы қамтамасыз етілсін. Бақылау әдіскер Саттыкова Айшат Ақылбековна жүктелсін.

2.Оқу жылдық жоспарға сәйкес «Күз – мереке, күз – береке» ертеңгіліктері жоғары деңгейде ұйымдастырылып, белгіленген кесте бойынша өткізілсін.

3.Топтардағы дамытушы орта талапқа сай жабдықталып, үнемі жаңартылып отырсын.

Жиналыс төрайымы: Шокпарова Кулсым Тюлюмбаевна

Жиналыс хатшысы: Жолмагамбетова Айдана Темирхановна